



ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 74 (7860)
Жұма,
02 қазан 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» газеті

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

АРАЙ

ЖАНАЛЫҚТАР

АУҚЫМДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

2015 жылғы 25 қыркүйек. Санкт-Петербург қаласында Еуразиялық әйелдер форумының екінші күні аясында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Г.Әбдіқалықова Беларусь Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары Н.И.Качановамен кездесті. Гүлшара Әбдіқалықова екі ел арасында жылы шырайлы, өзара сенімге құрылған қарым-қатынастың орныққанын айтты, сондай-ақ екіжақты ынтымақтастықты нығайтуда Қазақстан мен Беларусь елдерінің көшбасшылары елеулі рөл атқарып келе жатқанын айрықша атап көрсетті. Тиімді серіктестіктің негізі үшін әртүрлі деңгейде қол қойылған бірнеше ондаған тараптық құжаттармен есептелетін өзара іс-қимылдың нормативті-құқықтық базасын атауға болады.

Мемлекеттік хатшы Г.Әбдіқалықова сондай-ақ, Әзірбайжан Республикасының Отбасы, әйелдер және балалар мәселелері жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрайымы И.Гусейновамен және Оңтүстік Африка Республикасы Ұлттық Ассамблеясы төрағасының орынбасары С.Тсенолимен кездесті. Кездесулер кезінде әйелдерге қатысты заңнамалық және құқық қолдану тәжірибелері, ана мен баланы қорғау, «ЭКСПО-2017» көрмесіне қатысу мәселелері талқыланды.

Сол күні Мемлекеттік хатшы Г.Әбдіқалықова ТМД-ға қатысушы елдердің Парламентаралық Ассамблеясының «Древо жизни» сыйлығын және Еуразиялық әйелдер форумының сыйлығын тапсыру салтанатына қатысты.

Түстен кейін Мемлекеттік хатшы Халықаралық еңбек ұйымы Бас директорының орынбасары Сандра Поласкимен де кездесті.

Екіжақты кездесу барысында тараптар еңбек қатынастарын реттеу және еңбекті қорғау саласының кең ауқымды мәселелерін талқылады.

Г.Әбдіқалықова С.Поласкиге елімізді жан-жақты жаңғыртуға бағытталған Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының, Бес институционалдық реформаның және Ұлт жоспары – «100 нақты қадамның», сондай-ақ, «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатының іске асырылуы туралы айтты.

Сонымен қатар, Мемлекеттік хатшы Қазақстанның зейнетақы жүйесінің жаңғыртылғаны, сондай-ақ, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының жастарды еңбекпен қамту саласы бойынша саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған ХЕҰ техникалық ынтымақтастығы жобасын қарастыру барысы жайлы хабарлады.

Кездесу барысында Г.Н.Әбдіқалықова қазақстандық мамандарды оқытудағы және біліктілігін арттырудағы ХЕҰ-ның маңызды рөлін атап өтті.

Баспасөз қызметі.

4 қазан - Ұстаздар күні

Құрметті ұстаздар, білім саласы қызметкерлері мен ардагерлері!

Адам бойындағы ең асыл қасиеттер - ізгілік пен білімділік дейтін терең мәнді сөз бар. Ал адам жанына осы асылды дарытушы - Мұғалім. Еңдеше, Мұғалім күні - өмірдегі орны бөлек, ең ұлық мереке. Біз Сіздерді, еліміздің ұлағатты үздік ұстаздарын, мерейлі мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздер - біздің тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын қалап жатқан адамдарсыздар! Ел болашағының кілті - бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Жас ұрпақтың болашағын қалыптастыру, олардың бойына білім мен ізгілік нұрын себу - Сіздердің, ұстаздардың қолдарыңызда. Білім берудің күрделі міндеттерін рухани бай, педагогикалық дарыны бар, шығармашылық, кәсіби тәсілдерді жетік меңгерген және жаңалыққа құштар жан-жақты тұлға ғана шеше алады. Ендеше, Сіздердің осы бағыттағы еңбектеріңіз жана берсін!

Қымбатты ұстаздар, сіздерге денсаулық, ұжымдарыңызға шығармашылық табыстар тілейміз. Ізденгіш, сіздерден алған білімді өмірге ұқсата білетін, өздеріңізді ұмытпайтын шәкірт тәрбиелеуге тілектеспіз!

Қалиқан Байғоңусов, аудан әкімі.
Дүйсен Бралинов, аудандық мәслихат хатшысы.



Алтай баурайындағы ұлы той



Түркінің төрі, алты алаштың ата жұрты Катонқарағай топырағында, көрі Алтайдың баурайында Қазақ хандығының - 550 жылдығы, батыр баба -Көкжарлы Қаратайға арналған ескерткіштің ашылуына және есімі ісі қазақ жұртына ғана емес, әлемнің бірқатар еліне мәлім болған, көркем сөздің хас шебері, классик жазушы Қалихан Ысқақовтың туғанына 80 жыл толуына арналған дүбірлі той болып өтті.

Катонқарағайлықтармен той қызығын бөлісуге Астана мен Алматыдан, Маңғыстаудан, Шымкенттен, Сарыарқа жерінен, өз облысымыздың әр түкпірінен ат арылта жеткен аудан тумаларымен, тілеулес ағайындармен бірге көршілес үш мемлекеттен - Қытайдан, Ресейден, Монголиядан аталас, қандас бауырларымыз мерекеге өз базарлықтарымен, сән-салтанаттарымен келді. Оларды аудан әкімі Қалиқан Байғоңусов бастаған бір топ ресми адамдар, әншілер мен жыршылар Васильев өткелінен қазақ қонақжайлықпен қарсы алып, ауданға бастап жүрді. Аудан орталығы Үлкен Нарында мәртебелі меймандарды аудан әкімі Қалиқан Байғоңусов қабылдады. Келесі күні той шымалдығы Катонқарағай ауылындағы Мәдениет үйінде түрілді. Мұнда Қазақ хандығының - 550 жылдығына арналған жиын өткізіліп, оны облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар құттықтау сөзбен ашты. Өз сөзінде ол: «Біздің облыста қазақ хандығының мерейтойлық мерекесін тойлау Катонқарағай топырағында басталуы тегін емес. Бұл түркінің төрі, алаштың ата жұрты болған, Аттылы-Атилла әскер құрып, Еуропаға аттанған, сөз зергерлері Қалихан Ысқақов, Оралхан Бөкей, Дидахмет Әшімханов, Әлібек Асқаров тағы басқаларды дүниеге әкелген қасиетті де киелі жер. Қаратай батыр бабамыздың ескерткішін, алты алаштың ардақтысы, жазушы-драматург Қалихан Ысқақовтың кеуде мүсінін қойып, елдік пен ерліктің үлгісін танытып жатыр екенсіздер. Бұл да кейінгі жастарға үлкен патриоттық тәрбие беретін маңызды, саяси мәні зор мәдени шара. Мерекелеріңіз құтты болсын! Береке-бірліктеріңіз арта берсін»,-дей

келе, аймақ басшысы Даниал Ахметовтың Құттықтау хатын тапсырды.



Бұдан кейін мерекеге арнайы келген тарих ғылымдарының докторы Ахмет Тоқпаев қазақ хандығы жөнінде баяндама жасады. Ол қазақ мемлекетінің алғаш іргетасын қалаған Керей мен Жәнібектен бастап, Абылай мен Кенесары хандарға дейінгі мемлекет қайраткерлерінің ерен еңбегін, оларда Еуропадағы сияқты билікке таласушылықтың болмағандығын, барлығын демократиялық жолмен шешіп отырғандығын атап өтті. Қазақ хандықтары жайлы жазған еңбектерінде сұңғыла ғалым Гумилев бұл жайында жан-жақты етіп әңгімелеген. Оның және

өзге де елдердің тарихшы ғалымдарының еңбектері қазақ мемлекет, мәдениет пен демократия болмаған деген лақап пікірлерін жоққа шығарады»,- деп сөзін түйіндеді.

Осы ауданның тумасы, ұзақ жылдар бойы Қарағанды облысының әкімі қызметін атқарған Камалитдин Мұхамеджанов отырғандарды бүгінгі үш мерекенің шын жүректен құттықтай тұрып, қазіргі алмағайып заманда Қазақ хандығының - 550 жылдығын тойлаудың мәні мен маңызы, Қаратай батыр бабамыз, оның қайраткерлігі және оның зиратының қалай табылғандығы жөнінде әңгімелеп, елді береке-бірлікке, татулыққа шақырды.

Қазақстан Жазушылар Одағының екінші хатшысы Жанарбек Әшімжан Катонқарағайдан шыққан төрт жазушының қазақ әдебиетінен алатын орнын айта келе, Қалихан Ысқақов жайлы тебірене әңгімеледі. Оны қазақи көркем сөздің хас шебері дей тұра, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың классикалық стилін бүгінгі таңға дейін жалғастырып келген дара тұлға деп бағалады. Қалихан Ысқақовтай біртуар суреткерді мақтан тұтып, оның мұражайын ашып, кеуде мүсінін орнатқан, ресми түрде туған ауылы Топқайыңға жазушының есімі берілмесе де, тауға «Қалихан Ысқақтың ауылы» деп тастан өрнектеп жазу жазған катонқарағайлықтарға, аудан басшыларына зор алғыс сезімін білдірді. Жазушы жерлесіміз Әлібек Асқаров Қалихан Ысқақовтың 80 - жылдығына орай, Құттықтау хат жолдаған Мәдениет Министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының жылы лебізін отырғандарға оқып берді.

(Басы. Соңы 2 бетте.)

Алтай баурайындағы ұлы той

(Соңы. Басы 1 - бетте)

Мерекелік жиынды аудан әкімі Қалиқан Байғоңусов қорытындылай тұрып, Қаратай батыр бабамыздың зиратын табу да көп еңбек сіңірген, ол жайында тарихи шығармалар жазған Кәмел Жүністіегінің иығына шапан жауып, ат мінгізді. Қаратай батыр бабамыздың мүсінін жасауда еңбек еткен, қаржылай демеушілік жасаған, ол туралы ел ішінде түсінік, құрылыс жұмыстарын жүргізген аудан тумаларына, қонақтарға Алғыс хатпен бірге «Мұзтау» қорының бас органының төрағасы Құрмет Оразаев екеуі қордың тапсырысымен шығарылған сыртында Көкжарлы Қаратай мүсінінің суреті бар «Қазақ хандығына-550 жыл» естелік медальдарын табыстады. Мұндай құрметке ие болғандардың қатарында жерлесіміз Камалитдин Мұхамеджанов, ел ағалары Фрунзе Жақсылықов, Жанымхан Құндызбаев, соғыс ардагері Қабдрашит Алипин, мүсінші Жеңіс Молдабаев, жазушылар Кәмел Жүністіегі, Әлібек Асқаров, Қайырды Назырбаев, «Мұзтау» қорының атқарушы директоры Байназар Нұралин, демеушілер



Қайрат Ахметов, Құрмет Оразаев, Марат Татаев, Серік Толықпаев, аудандық мәслихат хатшысы Дүйсен Бралинов, аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Қайыржан Сәдуов, журналист Жәнібек Қызыр, құрылысшылар Ертай Кешілбаев, Кеңесхан Күйекпаев тағы басқалар бар. Мерекелік жиыннан кейін тойға

жиналған халық Катонқарағай ауылының кіреберісіне қойылған Қаратай батыр ескерткішін ашу рәсіміне қатысты. Биіктігі тоғыз, ені төрт метрге жуық болатын, аса үлкен шығармашылықпен, мазмұнды да сәнді етіп жасалған батырдың ескерткішін ашу рәсіміндегі лента қию құрметі Құрмет Оразаев пен Қайрат Ахметовке көрсетілді. Мұнда

көпшілік алдында Кәмел Жүністіегі, облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар, жазушы Бексұлтан Нұржекеев, «Мұзтау» қорының атқарушы директоры Байназар Нұралин, Ресейдің Қос Ағаш ауданының әкімі Әуелхан Жатқанбаев құттықтау сөз сөйледі, жергілікті ақын Жәнібек Қызыр Қаратай батыр бабаға арнаған өлеңін оқыды.

Туған ауылында ескерткіш ашылды



Бұл күнгі мерекеге қатысушылар тағы бір ескерткіштің ашылу салтанатының куәгерлері болды. Бұл - Қалихан Ысқақтың 80 жылдық мерейтойына орай жазушының туған ауылы Топқайындағы орта мектеп ғимараты алдында кеуде мүсінін ашу. Бұл шара өткізілмес бұрын еліміздің әр өңірінен жиналған ғалымдар мен жазушылар, арнайы келген қонақтар марқұм Қалихан Ысқақ жерленген зират басында оқылған құранға қатысты. Мерекелік безендірілген мектеп ауласына Топқайың ауылының тұрғындары, қонақтар көптеп жиналды.

Бұл жерде жәрмеңке де ұйымдастырылып, аудан мекемелерінің еңбек ұжымдары, жеке кәсіпкерлер өз өнімдерін саудалады.

Катонқарағай жерінің біртуар азаматы, қазақ әдебиетінде қайталанбас із қалдырған Қалихан Ысқақтың ескерткішін ашу салтанатында оның достары, қаламдасары Қуанышбай Құрманғалиев, Қадырбек Сегізбаев, Топқайың орта мектебінің директоры Бердібек Захаиров сөз сөйледі. Олар Қалихан Ысқақтың қазақ әдебиетінде алар орны жайлы пікірлерін ортаға салып, бұл ескерткіш біздің жастарымызды Қалихан Ысқақтың әдебиетте жеткен шыңдарына жетелейтін ынталандырма болсын деді. Онан соң, жазушының кеуде мүсінін ашу рәсімі өтіп, ескерткішке гүл шоқтары қойылды.

Сонымен қатар, аталмыш мектеп ғимаратында Қалихан Ысқаққа арналған мұражай да бұл күні келген қонақтарға есігін айқара ашты. Мұражай жазушының туған-туысқандары, достары көмегімен және мектеп ұжымының ұйымдастыруымен ашылды. Ашылғанына аз уақыт өтсе де, мұнда жерлес жазушыға қатысты біршама жәдігерлер, жазбалар жиналған. Атап айтсақ, Қалағаның фотосуреттері, киген шапаны, жұмыс орны құралдары, бірінші жазу машинкасы, компьютері, сүйіп тыңдайтын әндер топтамасы бар дискілер, сонымен қатар, жазушының туындылары, алған марапаттары, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хаты. Мектеп директоры Б.Захаиров мұражайдағы заттармен таныстыра келе, мұражайды алдағы уақытта әлі де толықтырамыз деді.

Ал қонақтар өз кезегінде мұражайға өз сыйлықтарын табыстап жатты. Ауданымыздың тумасы, ақын Мырза-

бек Қабылов өлеңдер жинағы кітабын және Қалихан Ысқаққа арнау табыс етті. Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Советхан Қалиғожин Қаратай батыр туралы дастан жазылған кітаптың 100 данасын табыстады. Аудандық шығармашылық Үйі директорының м.а. Нүриле Жылқайдарова осы мекеменің жас маманы,



суретші Қуаныш Әділбек салған Қалихан Ысқақтың бейнесуретін тапсырды. Салтанатты шара соңында «Екі дос» сауықтыру кешенінің мейрамханасында марқұм жазушының арнауына арналып ас берілді. Ас үстінде де мақтан тұтар жерлес жазушы Қалихан Ысқақ жайлы естеліктер мен жылы сөздер айтылды.


СПОРТТЫҚ ШАРАЛАР ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ



26 қыркүйек күні Қалихан Ысқақтың 80 - жылдығы мен Қаратай батыр ескерткішінің ашылуына орай өткен мерекелік шаралар тұс ауа Катонқарағай ипподромында жалғасын тапты. Ауа - райының күрт бұзылуына қарамастан, арқалы тойға жиналған халық орталық ипподромды лық толтыра жайғасты. Ашық аспан астында орналастырылған сахнада аудандық Мәдениет үйі мен аталмыш шараға арнайы шақырылған меймандарымыздың бірі - көршілес Ресейдің Алтай аймағының Қосағаш ауданынан келген бір топ өнерпаз қандастарымыз ұйымдастырған «Ұлы даланың ұрпақтары» атты мерекелік концерттік бағдарламамен қатар, аудандық білім беру, спорт және дене шынықтыру бөлімінің ұйытқы болуымен көрермендер делебесін қоздырған ат жарысы мен ерлер арасында «Алтай барысы» атағы үшін абсолюттік салмақта қазақша күрес сияқты ұлттық спорт түрлері де аса жоғары деңгейде өтіп жатты.

Концерттік бағдарламаның шымылдығын Катонқарағай ауылының Ленин және Рыков орта мектебінің мұғалімдері мен оқушылары, Мемлекеттік ұлттық парк, ауданаралық

аурухана ұжымы, «Айгөлек», «Қарлығаш» балабақшалары, ауылдық әкімшілік, Мәдениет үйі, Жас турист бекеті, сондай-ақ Жаңаұлгі, Қабырға, Шыңғыстай ауылдық мектептері ұжымдарының бірлесіп даярлаған Қазақ тарихының ең бір айшықты кезеңдері мен басынан өткізген зобалаң-зұлмат замандарын бейнелеген «Тарих-ғасырлар куәсі» атты көлемді театрландырылған қойылыммен ашылды. Мұнда қазақтың жаугершілік заманда өмір сүрген хас батырларының ат үстіндегі жекпе-жек шайқастары, қазақ хандары мен Алаш қайраткерлері, Тәуелсіздігіміздің орнығуы, қазіргі елдегі жетістіктерімізді мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мен мектеп шәкірттері көрермен назарына әдемі ұсына білді. Келесі кезекте сахнада өнер көрсеткен қосағаштық әртістер де есте қалар, әсіресе, қалың жұртшылыққа «Керуен» тобы, Азамат Есімов, Гүлнұр Мамырхановалардың орындауындағы «Батыр қазақ», «Родина Алтай», «Көзімнің қарасы» сынды құйқылжыта орындалған әндер мен Айжан Мандаева және Айымжан Бейсенбаеваның «Шашу», «Аққу», «Балжан қыз», «Алтай халқының билері» сияқты тамаша музыкалық нөмірлері көрерменді



сүйсіндіре таңдай қаққызды. Сонымен қатар, далалық сахнада аудандық Мәдениет үйінің әншілері Раджан Ерболлов, Наргүл Нұрғазиева, Ербол Құсайынов және өнерпаз жерлесіміз, бүгінде Алматы қаласында қызмет етіп жүрген, «Катонқарағай» әнімен танымал болған Дарын Қабдолов та өз өнерлерін ортаға салды. Өн мен биден шашу шашқан концерттік бағдарламадан кейін, көрермендер мен жанкүйерлер назары боз кілемдегі балуандар сайысына түсті. Мұнда 80 келіден жоғары, яғни, абсолюттік салмақта өткен қазақша күресте «Шығыстың Алтай барысы» атағы мен 300 мың теңге көлеміндегі ақшалай сыйақыны тағы бір жерлесіміз, Үлкен Нарын өңірінің тумасы Мансұр Әліпбаев ұтып алды.

Бағзыдан бері ат құлағында ойнаған қазақ, осындай игі шараларда ат бәйгесін көрмей, үйлеріне тарқамаған. Аталмыш күн де дәл сондай күндердің бірі болды. Бәйге 3,2 қашықтықтағы тай жарысы, жорға жарысы, 15 шақырымдық және 25 шақырымдық Аламан бәйгемен

аяқталды. Жарысқа біздің ауданымыздан бөлек, Күршім, Зырян аудандарының да сәйгүліктері қатысты.

3,2 қашықтықтағы Тай жарысында I орынды зыряндық бапкер Бақытжан Иманбаев қосқан «Бәйтерек» атты сәйгүлік (шабандозы - Фигерев В., «Қаратай» шаруа қожалығы) ұтып алды. Жорға жарыста Соловьеводан келген Николай Шапоровтың (шабандозы Сұлтанбек Қанапиянов, (бапкері - Сайранбек Жылдыбаев) «Элегант» атты тұлпары үздік деп танылды. Онан кейінгі 15 шақырымдық ат жарысына қосылған оннан астам жүйріктің ішінен бірінші орынды күршімдік бапкер Жәнібек Сембинов баптаған (ат иесі Ерік Сексембаев) «Фараон» сәйгүлігі (шабандозы - Илияс Күлібаев) иеленді. Бәйгенің соңғысы әрі ең қызықтысы - Аламанда барлығы 14 жүйрік жарысқа қосылды. Он айналымдық 25 шақырым қашықтықты қарсыластарынан бұрын бірінші болып жерлесіміз, үлкеннарындық Мәлік Мусиннің «Хабар» атты жирені (шабандозы - Айбек Тұлкенов) бағындырды.


Қазақша күрес пен бәйгеде жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар арнайы грамоталармен, тұрмыстық техника, ақшалай сыйлықтармен марапатталып, ал жорға және Аламан бәйгені ұтқандарға бас жүлде - «Лада Гранта» жеңіл автокөліктерінің кілті табысталды. Осылайша, ипподромдағы мерекелік шаралар аяқталған соң, жиналған халық көтеріңкі көңіл-күймен үйлеріне тарқасып жатты.

Материалдарды даярлағандар: Жәнібек САРҒАЛДАҚОВ, Жанар ҚАСЫМХАНОВА, Тимур СМАҒҰЛОВ. Суреттер авторлардікі.



Жақсылық жасауға асытайық!

Халқымызбен бірге ежелден жасап келе жатқан тәлім-тәрбиенің алтын тіні-үлкендерге ізет білдіру, кішілерге қамқор болу, мейірімділік, қайырымдылық сияқты- игі салтымыз. Берел орта мектебінде де, жылдағы дәстүр бойынша «Мектепке жол» акциясы өткізілуде. Қайырымды, мейірімді азаматтар акцияға қатысудан қалыс қалмады. Берел ауылының тумасы кәсіпкер Н.Раисов 4 сынып оқушысы Игорь Басалықоны түгелдей киіндіріп, мектепке даярлап берді. Сол сияқты, мұғалімдер ұжымы көп балалы отбасынан шыққан 3 сынып оқушысы Ахметбекова Диана мен 8- сынып оқушысы Қажмұқанова Айғанымға спорт формаларын, 9- сынып оқушысы Нұрдыбекұлы Ақтілекке – аяқ киім, 2 сынып оқушысы Аркадьева Риза мен 1 сынып оқушысы Сарқытбеков Аңсарға оқу құралдарын әперіп, көмек көрсетті. Осындай қайырымды, жүрегі жылы жандарға ұстаздар мен оқушылар дән риза. Балаға көрсетілген қамқорлық баланы қайырымдылыққа, жақсылыққа баулиды деген ниеттеміз.



А. Құсманова,
Берел орта мектебі
тәрбие ісінің меңгерушісі.

Құттықтаймыз!
Үлкен Нарын ауылының тұрғыны,
отбасының тірегі, қамқоршысы
Исабаев Құмарбек Мұхтарұлын
мерейжасымен шын жүректен
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Асыл жар, ардақты әкемізге, туыстықтың туын жоғары ұстаған ағамызға жасына жас қосылып, ұзақ та бақытты өмір сүруіне тілектестік білдіре отырып, төмендегідей өлең жолдарын арнаймыз:

*Бұл тірлікте түсіп талай тартысқа,
Әбігер боп жүрген кезде әр тұста.
Мерейтойың қағып міне, есікті,
Сіз де келіп қалыпсыз-ау алпысқа.
Әрбір күн шұғылалы шуақ болсын,
Денсаулық қажымайтын қуат берсін!
Алпыстың асқарынан аса бергей,
Алланың берген жасы құтты болсын!*

*Ізгі тілекпен: зайыбы, балалары,
туған-туысқандары.*

Call-орталық жұмыс істейді

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау мақсатында, және азаматтардың прокуратура органдарына заң бұзушылық фактілері бойынша жедел түрде хабарласуы үшін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасында телефон арқылы келіп түскен арыздарды сұрыптайтын Бас прокуратуратұраның байланыс орталығы болып табылатын Call-орталық құрылып, жұмыс істейді.

Жеке және заңды тұлғалар Call-орталыққа келесідей шағымдармен хабарласа алады:

- қылмыс туралы арыздарды, хабар-ошарсыз кеткен адамға іздеу салу туралы, заңсыз алып кету, қамау және ұстау бойынша арыздарды тіркеуден негізсіз бас тартуды білдіретін қылмыстық құдалау органдарының әрекеттеріне қатысты, және басқа да қылмыстық іс-жүргізу барысында азаматтардың конституциялық құқықтарын мен бостандықтарын бұзу фактілері бойынша;
- кәсіпкерлердің құқын бұзу фактілері бойынша, оның ішінде заңсыз тексерулерге байланысты;
- азаматтардың еңбек құқығын бұзу фактілері бойынша, оның ішінде еңбекақыны төлемеу фактілеріне байланысты;

- білім беру мекемелерінде кәмелеттік жасқа толмағандар арасында және оларға қатысты жасалған заңға қайшы іс-әрекеттер туралы;

- тегін медициналық көмектің келіп-дік берілген көлемі аясында көрсетілген медициналық қызмет үшін заңсыз ақы алу фактілері туралы;

- прокуратура органдары, ведомстволар және мекемелер қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттері туралы;

Call-орталық прокуратура органдарының, ведомстволарының және мекемелерінің қызметі туралы ұсыныстар мен үн қосуларын қабылдайды, тіркейді, прокуратура органдарымен мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін түсіндіреді.

Call-орталығының операторлары шағымдарды 115 нөмірі арқылы қабылдайды.

Жұмыс уақытында шағымдарды Call-орталықтың барлық операторлары қабылдайды. Түнгі уақытта, мерекелік және демалыс күндері Call-орталыққа келіп түскен қоңырауларды жазу автоматты түрде жүзеге асырылады.

С. Дюсенов,
аудан прокуроры.

Назар аударыңыздар!

Катонқарағай ауданындағы «Нарын-Сервис» ЖШС-і табиғи монополияларды реттеу бойынша және ШҚО бойынша ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі бәсекелестігін қорғау Комитеті Департаментінің 2015 жылдың 15 қыркүйегіндегі №290 – ОД бұйрығының негізінде жылу қуатымен қамтамасыз ету және тарату, беру, өндіру бойынша қызметтер тарифі тұтынушы топтар бойынша (ҚҚС есептемегенде) төмендегідей мөлшерде бекітілді:

- тұрғындар үшін - 2819,80 теңге/Гкал (айына 112,79 теңге/шаршы метр);
 - басқа тұтынушылар үшін – 8589,63 теңге /Гкал.
- Осы бұйрық 2015 жылдың 1 желтоқсанынан бастап күшіне енеді.

«Нарын-Сервис» ЖШС.

Хабарландыру

«Топқайың орта мектебі» КММ-не төмендегідей мамандар қажет:

- Информатика пәнінің мұғалімі - 6 сағат;
- Компьютер лаборанты - 0,5 ставка;
- Электрооператор - 1 бірлік.

Қойылатын талаптар: білімі жоғары немесе арнаулы болуы тиіс.

Катонқарағай ауылының тұрғыны, Балғын ауылының тумасы болған асыл анамыз, ардақты әжеміз **ТАУДАНБЕКОВА ГҰЛНАР НҰРСАПАРҚЫЗЫ** ортамызда аман-есен жүрсе, **10 қазанда 61 жасқа толар еді.**

Жыл болды өзін жоқсың арамызда,
Жаны жомарт, ақ көңіл жайдарлым-ай,
Сағынумен сені еске аламыз да.
Ерте алды Алла өзі сүйген адамын,
Тілейміз саған жұмақтан орын болғанын.
Ағайын, туыс, ауылдастардан дағы сұраймыз,
Қолдарын жайып, дұға оқып еске алғанын.
Еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері.

Асыл анамыз Тауданбекова Гүлнар Нұрсাপарқызының бір жылдығына арналған ас 2015 жылдың 9 қазанында сағат 12.00-де Катонқарағай ауылындағы қатымханада беріледі.

ЕСКЕ АЛУЛАР



Қабырға ауылының тұрғыны болған МАМЫРХАНОВ РУСЛАН ӨМІРБЕКҰЛЫН қайтыс болғанына бес жыл толуына байланысты сағына еске аламыз. Ол көзі тірі болса, 30 жасқа толар еді.

Асыл едің, кіршіксіз таза көңілің,
Жаратқан Алла қысқа ғып жазған өмірін.

Амал қанша, қол жайып қалдық артыңда.

Иманың жолдас, жұмақта болсын орының.
Еске алушылар: ата-анасы, туған-туысқандары.

8 қазан күні сағат 12.00-де Қабырға ауылында Руслан Өмірбекұлының аруағына арналып ас беріледі. Асқа барлық ағайын-туыс, құда-жекжаттарымызды, ауылдастарымызды шақырамыз.



Үлкен Нарын ауылының тұрғыны болған асыл жар, аяулы ана, қадірлі дос, құрметті туыс СЕРЬЯНОВА КАПИЗА АХМЕТҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болғанына бір жыл толуына байланысты сағына еске аламыз.

Жылжып жыл өтті, таусылғалы тұз-дәмнің,
Сағынды сені жан-жарың, қызың – ұлдарың,
Өзіңсіз өткен күндерді ғана сезіндік,
Жанды ауыртар, өмірдің қатал ызғарын.
Өзіңмен болған күндеріміз есімізде,
Өткен ғұмыр, шаттық өмір кіреді түсімізге.
Жарқын бейнең жадымызда әлі де тұр,
Жылжып жыл өтті, таусылғалы түз-дәмнің.

Еске алушылар: жұбайы Мерғазы, балалары, келіндері және немерелері.

Серьянова Капица Ахметқызының рухына бағышталған бір жылдық асы 2015 жылдың 10 қазанында сағат 12.00-де Үлкен Нарын ауылындағы «Сағы-Арқа» мейрамханасында беріледі. Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, әріптестерді, дос-жаран, ауылдастарымызды шақырамыз.

Қабырға ауылының тұрғыны болған туысымыз, бауырымыз МАМЫРХАНОВ МЕЙРАМБЕК НҰРҚЫШҰЛЫНЫҢ қайтыс болғанына 5 жыл толуына байланысты сағына еске аламыз.

Өмір неткен алдамшы еді, өтпелі,
Бір жыл бопты-ау, сен өмірден өткелі.

Әр кез сені сағынышпен еске алып,
Көзден жас, көңілден мұң кетпеді.

Еске алушылар: аға-жеңгелері, апайлары.

Кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің ұжымы осы бөлімнің бас маманы Коконева Валентинаға ардақты әкесі **Анатолий Дербетханұлының** кенеттен қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры Н.Қ. Қуантаев

Компьютерлік беттеу операторы: **Жайдары Нұрғазина**
Газет нөмірі бойынша кезекші: **Нұрзада Исабаева**

Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті Бас редактор **Жомарт Жақыпов**

Телефондар: **Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай» - «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді.

Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.

Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады. Оффсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1665, «Луч»-1270. № 5763